

# Арқа ажары

Сөкен Сейфуллин негізін қалауымен  
1917 жылғы шілдеден шыға баста-  
ды. Газет 2011 жылы Президент  
Грантына ие болды.

30 сәуір, сейсенбі, 2024 жыл №31 (18906)  
<https://arka-azhary.kz> [arka\\_kokshetau@mail.ru](mailto:arka_kokshetau@mail.ru) [www.facebook.com/Арқа-ажары](https://www.facebook.com/Арқа-ажары) [www.instagram.com/arkaazhary](https://www.instagram.com/arkaazhary)



## 1 мамыр – ҚАЗАҚСТАН халқының бірлігі күні

### Ақмола облысы әкімі Марат Ахметжановтың құттықтауы

#### Құрметті ақмолалықтар!

Баршаңызды Қазақстан халқының бірлігі мерекесімен шын жүректен құттықтаймын!

Бұл мереке халқымыз ежелден ардақтаған достық пен бірліктің, татулық пен келісімнің символына айналды. Қазақстан халқы Ассамблеясының «Бірлік. Жасаппаздық. Өрлеу» атты XXXIII сессиясында сөйлеген сөзінде Президент Қасым-Жомарт Тоқаев: «Біздің басты мұратымыз – Өзділетті Қазақстанды құру. Бірлік пен ынтымақ арқаны біздің басты құндылығымыз және барлық мемлекеттік саясаттың тұрақты бағдары болған және болып қала бермек» деп атап көрсеткені белгілі.

Бүгінгі таңда еліміз жойқын су тасқынынан кейін қалыпты өмірге оралған кезде бұл сөздер өте маңызды. Өңірде адамдардың өмірін сақтап қалу, 95 елді мекендегі 8 мың тұрғын үйді су басып қалуына жол бермеу мақсатында ауқымды жұмыстар атқарылды. Бірнеше апта

бойы құтқарушылар, полицейлер, әскерлер, еріктілер және басқа да көптеген адамдар күндіз-түні, қиын жағдайда, жерлерімізге көмектесу үшін жанқиярлықпен еңбек етті. Зардап шеккен аймақтарға 100 тоннадан астам гуманитарлық көмек жөнелтілді.

Осының барлығы облыстың әрбір тұрғынының тарапынан байқалған бірлігіміз бен ынтымағымыздың, жанашырлығымыз бен өзара көмегіміздің тамаша үлгісі. Бұл мәңгілік құндылықтар біздің болашаққа деген сеніміміздің негізі болып табылады.

Құрметті жерлестер! Біз ортақ күш-жігермен кез-келген қиындықты жеңе алатынымызды бірнеше рет дәлелдедік. Бұдан былай да осы бірлігіміз нығая берсін, қиыншылықтар біздің үйірімізді айналдыр-  
тып, алда қуанышты, жарқын күндер көп болсын. Осындай мереке күні әрбір отбасына зор денсаулық, амандық пен бақыт, біздің Отанымыз – Қазақстан Республикасына көркейіп, гүлдене беруді тілеймін.

### Құрметті Ақмола облысының тұрғындары!

Өңірдің депутаттық корпусы атынан Сіздерді Қазақстан халқының бірлігі күнімен құттықтаймын!

Бұл мереке халқымыз ежелден ардақтаған достық пен бірліктің, өзара құрмет пен сенімнің құндылықтарын білдіреді.

Қазақстанның барлық этностарының сан қырлы мәдениеті мен дәстүрлері баға жетпес байлығымызға айналып, ынтымақтастық, бірлік, патриотизм біздің әл-ауқатымыздың негізі болып отыр.

Биылғы жылы елімізге келген қиындықтар біздің күшіміз бірлікте екенін тағы да растады. Табиғи апаттың алдында бірлік, біз сонғы су тасқынының салдарын бірге жоюдамыз.

Қазақстан халқы Ассамблеясының «Бірлік. Жасаппаздық. Өрлеу» атты сессиясында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев еліміз сонғы жылдары аса күрделі сынақтардың тағы бір тарихи кезеңін бастан өткізіп жатқанын айтып, бірлік пен ынтымақтың арқасында бұл қиындықтың бәрін жеңетінімізге, шынығып, ширап, бұрынғыдан да мықты болып шығатынымызға сенім білдірді.

Осы ауыр жағдайдан тыс қалмай, зардап шеккен отбасыларға қолдау көрсеткен Ақмола облысының барлық тұрғындарына ерекше алғыс білдіргім келеді. Қоғамдағы тұрақтылық пен келісімнің, өзара қолдау мен жасаппаздық арқасында біз барлық қиындықтарды еңсеріп, алға қойған мақсаттарға қол жеткізетінімізге сенімдімін.

Қымбатты ақмолалықтар, осы мереке күні сіздерге зор денсаулық, мол бақыт, амандық-саулық тілеймін! Әр үйде, әр отбасында үйлесімділік пен өзара түсіністік ахуалы орын алсын!

**Бейбіт ЖҮСПОВ,**  
Ақмола облыстық мәслихатының төрағасы.



## Мамырдағы маңызды, мерейлі мерекелер

Биыл 9 мамыр – Жеңіс күнінде әскери шеру өткізілмейді. Тек қана екінші дүниежүзілік соғыс ардагерлеріне құрмет көрсетіліп, мерекелік шаралар ғана аталып өтіледі.

Бұл туралы өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте облыстық ішкі саясат басқармасы басшысының орынбасары Жандәулет Қылышбаев айтып өтті. Өңірдегі ауқымды су тасқыны салдарынан туындаған күрделі әлеуметтік-экономикалық жағдайды ескере отырып, алдағы барлық мерекелік іс-шараларды өткізудің ұстамды форматы ұсынылып, әлеуметтік маңызы бар және пайдалы бастамаларды жүзеге асыру қажеттігін ерекше назар аударылған.

– Жеңіс күнін мерекелеу аясында арнайы платформада «Ер есімі – ел естінде» онлайн науқаны іске қосылады. Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы елдеріндегі және жалпы әлемдегі қазіргі күрделі геосаяси жағдайды ескере отырып, аймақтағы бейбітшілік пен келісімді сақтау үшін «Шпес поклнтн» шеруі болмайды. Еріктілер желісі мен жастар ұйымдары арқылы Ұлы Отан соғысы ардагерлері мен тыл еңбеккерлерін қолдау мақсатында «Ардагерлерге тағзым» қайырымдылық акциялары ұйымдастырылады. Және де білім беру

ұйымдары соғыс ардагерлері мен әскери қызметкерлерді шақыра отырып, «ерлік сабақтарын» өткізеді. Белгілі болғанындай, мереке қарсаңында соғыс ардагерлеріне әлеуметтік қолдау көрсету үшін 3 миллион теңге біржолғы жәрдемақы беріледі, – дейді өз сөзінде Жандәулет Қылышбаев.

Сонымен бірге, Отан қорғаушылар күні аясында Ақмола облысы әкімінің екінші дүниежүзілік соғыс ардагерлері мен олардың отбасы мүшелеріне, оның ішінде мемлекет қамқорлығында қалғандарға жеке сапары ұйымдастырылады. Бұқаралық ақпарат құралдарында Қарулы Күштер, Жеңіс тақырыбында материалдар топтамалары жарық көреді, – делі ол.

Қазақстан халқының бірлігі күніне арналған мерекелік шара өңір басшысының қатысуымен бүгін облыс орталығындағы «Болашақ» сарайында өтетін болады.

**Мұхамет ТІЛЕУБАЙ,**  
«Арқа ажарының» өз тілшісі.



## Президент қолынан «Шапағат» медалін алған Анастасия

«Бастауыш сыныпта оқып жүргенімде мектебімізде Назерке деген оқуда озат, әрі белсенді, әрі көшбасшы оқушы болатын. Сол қызға қатты ұқсағым келетін, еліктетімін. Әрі бала кезімде мені тентектеу қатарластарым «орыссың» деп келмеждеп, күле берген соң, бір күні әке-шешеме, достарыма, туыстарыма: «Болды, енді мен бүгіннен бастап Назеркемін» деп, солай атауларын талап еттім. Содан бері менің есімімді ешкім Анастасия деп атамайтын болды».

2-бетте



Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен Ақмола облысында «Таза Қазақстан» ауқымды республикалық экологиялық акциясы жалғасуда. Осы акцияның үшінші аптасында өткен «Жасыл аймақ» акциясы аясында ақмолалықтар 16 мың түптен астам ағаш отырғызды. Акцияға облыс бойынша барлығы 62 мыңнан астам адам қатысты.

## Бүгін – көшет, ертең – желек

Экологиялық іс-шараға белсенді жастармен қатар, мұндай елдік іске бейжай қарамайтын тұрғындар, бизнес өкілдері, еңбек ұжымдары және тағы басқалары өз үлестерін қосты.

Іс-шараға Ақмола облысының әкімі Марат Ахметжанов қатысып, интернационалист-жауынгерлер аллесына және «Арқар» монументіне ағаш отырғызды.

– Біз өскелең ұрпақты қоршаған ортаға ұқыпты қарауға үйретуіміз, тазалық мәдениетін қалыптастыруымыз қажет. Тәртіп бар жерде тазалық пен жеңіс бар, – делі бұл ретте, облыс әкімі.

Жақында ата-ана атанған жас отбасылар да аталған акцияға қосылды. Осы күні балалармен бірге олар «Сәби» аллесына

30 атаулы ағаш отырғызды. Атаулы қарағайларды көп балалы Әмірхановтар отбасы да отырғызды.

– Бүгінгі күн біздің отбасымыздың жадында қалады. Біз бұл ағаштарды отырғызсақ қана қоймай, экологиялық тәрбиенің маңыздылығын үлгі етіп көрсеткіміз келеді. Үлкен балаларымыз аллесаға келіп, көшеттерге су құйып, күтіп-баптауды ұмытпайды, – делі Ақтоғы Әміржанова.

Сонғы мәліметтер бойынша Қоқшетау қаласында 8000-ға жуық адам осы акцияға қатысты. Олардың күшімен 3500 текше метр қойыс шығарылып, мыңдаған ағаш көшеттері отырғызылды.

Ақмола облысы әкімінің баспасөз қызметі.

\* \* \*

«Жасыл аймақ» күні Ақмола облысы ішкі саясат басқармасының «Қоғамдық даму орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі облыс орталығындағы Кеңесары көшесінің бойына 50 түр қарағай көшеттерін отырғызды. Шараға облыстық ішкі саясат басқармасы басшысының орынбасары Жандәулет Қылышбаев, «Қоғамдық даму орталығы» мекемесінің ұжымы, «Байтақ» қоғамдық бірлестігінің төрағасы Марат Қаримов, «Ауыл» партиясының мүшелері және Қоқшетау қаласының қоғам белсенділері мен қала жастары қатысты.

Сонымен бірге, көшелерді тазалау, елді мекендердің аумақтарын көгалдандыру және көркейту, халықтың назарын табиғаттың лас-

тану проблемасына аудару, тазалықты сақтау және экологиялық мәдениетті қалыптастыру мақсатындағы акцияны «Қоғамдық келісім» коммуналдық мемлекеттік мекемесі жалғастырды. Өткен сенбі күні Қазақстан Халқы Ақмола Ассамблеясының этно-мәдени бірлестіктері мен қоғамдық құрылымдарының мүшелері және мекеме қызметкерлері Достық үйінің аумағын көгалдандыру мақсатында 50 шие және сирень ағаштарын отырғызды.

**Мұхамет ТІЛЕУБАЙ,**  
«Арқа ажарының» өз тілшісі.  
Суретті түсірген Айбек ДАНИЯРОВ.

## Көкшетауда Журналистер аллеясы бар!

Иә, облыс орталығында енді Журналистер аллеясы бар. Бұл осы күндері елімізде кеңінен қолға алынып жатқан «Таза Қазақстан» акциясы аясында мүмкін болып отырған игі шара.

Өткен сенбі күні көкшетаулық барша журналистер Шахмет Құсайынов атындағы Ақмола облыстық қазақ-драма театрының алдындағы мем алуға ыңғайлы, әсем бір алаңқайға жиналды. Осы жерде жоғарыдағы акцияға байланысты «Жасыл желек» шарасы бойынша Журналистер аллеясының негізі қаланды. Осы арада ізгі ниетпен бастары қосылған баспасөз саласының ардагерлері мен жастар жағы алдымен бүгінгі оқиғаны орай өткізілген салтанатқа қатысып, қолға алынып жатқан келелі ісін маңыздына ой жүгіртті.

Құрметті әріптестер, дәл қазіргі сәтте еліміздің барлық аймақтарында Мемлекет басшысының тапсырмасымен «Таза Қазақстан» экологиялық акциясы өткізілуде. Біздің облысымызда да осы игі іс жан-жақты көрінісін тапқан. Бүгінгі мін, облыстық ішкі саясат басқармасы сіздерді Журналистер аллеясының негізін қалауға жинап отыр. Қазір отырғызылатын шыршаларымыз биікке бойлап, әлі-ақ саясына келіп дем алушылар қызығын көретін болсын, – деген игі тілегімен басқарма басшысының орынбасары Гүлмира Қаримова сөз алғаннан кейін, Ақмола-«Тіршілік» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің директоры, белгілі жазушы-драматург Жабал Ергалиев та әріптестеріне жүрекжарды лебізін іркіп қалмады.

– Біз ендігі жерде осы арада қадірлі де ардақты журналистеріміздің, жекеден басылмалардың өз ағаштары бар екендігін ешқашан ұмытпай, еске алып, көкөйімізге түйіп жүрміз. Алда өзіміз отырғызып осы ағаштарға балаларымызды, немерелерімізді алып келіп, мынау сенің атаның атындағы ағаш, анау сенің атаның жұмыс істеген мекенінің құрметіне егілген ағаш деп айтып отырамыз. Баршамызға бүгінгі шара құтты болсын. Еліміз

көркейіп, өркендей берсін, жақсылықтарымыз көбейе түссін, – деп ізгі тілегін білдірді.

Қазақстан Журналистер одағы Ақмола облыстық филиалының төрағасы Бақыт Смағұлұлы журналистер кәсібінің қоғамда алар орнына тоқтала келіп, өзгелер сияқты, өзі үшін де бүгінгі күннің ерекше екенін еске салды. Сөйтіп, өз ойын:

– Халыққа елдік сөзін айтып жүретін баспасөз өкілдерінің осындай жарқын істердің жарышысы болып жатқаны үлкен қуаныш. Өткен жылы біз де осы мәселені көтеріп, қозғау салғанбыз, – деп түйінделді.

Бұдан кейін ағаш отырғызу жұмысы да басталып, әр ұжым, әр ардагер журналист тактайша жазылып қойылған өз шыршаларын отырғызуға, оларға су құйып, шұңқырды тиянақтап топырақпен толтыруға кірісті. Әр жасыл көшеттің жанындағы «Егемен Қазақстан», «Қазақстанская правда» газеттері мен жергілікті басылмалардың атаулары көзге ыстық көрінді. «Ақмола-«Тіршілік» серіктестігінің өкілдері де өздерінің «Арқа ажары», «Ақмолинская правда» атауларымен тұрған ағаштарын аялап отырғызып, бұрыннан жүрекке жылы, көңілге бөлшекше «Көкшетау» сияқты газеттердің атауымен отырғызылған шыршаларға да қол ұшын тигізуді мерейлі парыз санады.

Көтерінік көңіл-күймен өткен акция осылайша журналистер қауымын тағы бір игі істің төңірегінде топтастырып, ертенгі Журналистер аллеясына жол ашты. Бұл аллеядағы шыршалар келешекте де жылма-жыл көбейе бермекші. Осы аралдан өткенде, осы араға келгенде өз еңбегінің өтеуіндеі тактайшалары тізілген өз жасыл желегінің қарсы алып тұрғаны қандай жақсы!

«Арқа ажарының» өз ақпараты.

БАСПАСӨЗ – 2024

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАНДАР!



Ақмола облыстық «Арқа ажары» газетіне 2024 жылға жазылу жалғасуда

Газетке тұрғылықты жерлеріңіздегі кез-келген пошта бөлімшесіне барып, жазылуларыңызға болады. Егер әр айдың 25-іне дейін «Арқа ажары» газетіне жазыласыздар, оны келесі айдың басынан бастап үйлеріңізге, кәсіпорың-үйіңіз, мекемелеріңізге алып тұрасыздар. Газетті жаздырып алу мәселелері бойынша туындаған сауалдарыңызды редакциямызға 25-15-60; 25-15-10 телефондары бойынша хабарласып, сұрастырып біліп алуларыңызға болады. Күнбе-күн ана тілімізде Ақмола, Көкше өңірлерінің тыныс-тіршілігінен сыр шертіп, тың жаңалықтарға қанықтыратын және ұлттық, елдік мәселелерді үзбей жазып тұратын өздеріңіздің сүйікті «Арқа ажары» газетіне жазылуға асығыңыздар!





ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫ БІРЛІГІ КҮНІ! ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫ АҚМОЛА АССАМБЛЕЯСЫ МЕН «АРҚА АЖАРЫ» ГАЗЕТІНІҢ БІРЛЕСКЕН ЖОБАСЫ

Бірлігі бекем елдің ғана болашағы баянды

Халқымыздың бірлігі – мемлекеттілігіміздің негізі, біздің баға жетпес байлығымыз. Бүгінде кең байтақ қазақ жері сан алуан ұлт өкілдерінің құтты мекені, сүйікті Отанына айналып отыр. Осылайша, көп ұлтты Қазақстан халқын бір атының балаларындай еліміздің өркеніетті дамуы жолында игілікті іске жұмылдырып отырған Қазақстан халқы Ассамблеясы барлық этнос өкілдерін ортақ мақсатқа ұйыстырып, еліміздегі тұрақтылықты сақтау мен оның дамуына аса зор үлес қосып келеді.



Ең бастысы, аталған ұйымның қызметі нәтижесінде елімізде этностық немесе діни ерекшелігіне қарамастан, әрбір азаматтың Конституциялық һәм азаматтық құқықтары мен еркіндігін толық қолдана алатын этносаралық және конфессияаралық келісімнің айрықша үлгісі қалыптасқан.

Бүгінде Ақмола облысында 733 мыңнан астам халық тұрады. Табиғаты көркем, таулары мен көлдері аңызға айналған көрікті мекенде ұрпағын өрбітіп, кәсібин дөңгелетіп жүрген жүздеген этностар мен этникалық топтардың өкілдері бар. Олар үшін бұл қасиетті мекеннен артық жер жоқ, Отан жоқ. Сонымен, оңір тұрғындарының 52,8 пайызы жергілікті ұлт өкілдері болса, 32 пайызға жуығы орыстар, 4 пайыздан астамы украиндар, 3,4 пайызы немістер, 1-2 пайыз аралығын татарлар, белорустар, поляктар, ингуш-шешендер және басқа этностар құрап отыр.

Қазақстан халқы Ақмола ассамблеясының құрамына 108 адам кіреді, олар – этно-мәдени бірлестіктердің төрағалары, Қазақстан халқы Ақмола ассамблеясының қоғамдық құрылымдарының өкілдері, мемлекеттік органдардың басшылары, облыстық мәслихат депутаттары, жоғары оқу орындарының ректорлары, академиктер, қоғам қайраткерлері, қандастар, бұқаралық ақпарат құралдары және қоғамдық пікір қоспа басыпшылары. Ал, Ақмола облысынан республикалық Қазақстан халқы ассамблеясының құрамына 20 адам кіреді. Олардың ішінде Қазақстанның Еңбек Ері, «Родина» агрофирмасының бас директоры Иван Сауэр, «Ақмола облысының татарлар мен башқұрттар бірлестігінің» төрағасы Рафаил Сулькарнаев, қоғам қайраткері Белла Газдиева, «Wiedergeburt» Ақмола облыстық немістер қоғамының төрайымы Светлана Корнеева, «Чинисон» корей мәдени орталығының төрайымы Светлана Корнеева, «Вайнах» украин этномәдени орталығының төрайымы Ольга Лян, «Рідний кут» украин этномәдени орталығының төрайымы Светлана Худякова, «Вайнах» шешен-ингуш қоғамдық бірлестігінің төрағасы Герихан Яндиев және тағы басқалары бар. Сонымен бірге, облыста 46 этно-мәдени бірлестік тіркелген, оның 19-ы қоғамдық аккредиттеуден өтіп, Қазақстан халқы ассамблеясының этно-мәдени бірлестіктері тізіміне енген. 17 этно-мәдени бірлестіктің кабинеттері Достық үйінің ғимаратында орналасқан.

Облыста ұлтаралық келісім мен достықты, татулықты нығайтуға бағытталған көптеген жобалар жүзеге асырылуда. Солардың ішінде ағымдағы кезеңде облыстың этно-мәдени бірлестіктері 6 мыңнан астам адамды қамти отырып, шамамен 200-ге жуық іс-шара өткізді. Этностардың мәдениет күндерін атап өту аясында «Мәсленица», «Шопан кештері», корей халқының жаңа жылы – «Соллал» және «Чусок», қырғыздардың «Ақ қалпақ» мерекесі, татарлардың «Сабантуй» мерекелері жыл сайын ұйымдастырылып келеді. Соңғысының аясында биыл алғаш рет «Бәйге» ат спорты жарыстары өткізілді. Сонымен бірге,

ингуш-шешен фестивалі болып, «Санги Кабуд» тәжік ұлттық-мәдени орталығының «Бірлік» сквері ашылды. Алдағы күндері қазақтардың «Песня – душа народа» атты жыл сайынғы фестивалі, славян жазуы мен мәдениеті күніне орай, «Классикалық әдебиет, заманауи білім бренді ретінде» ғылыми-практикалық семинар өткізіліп, саяси қуғын-сүргін және апаршылық құрбандарын еске алу күніне арналған естелік іс-шаралар, қуғын-сүргінге ұшырағандар ұрпақтарының Целиноград ауданындағы «АЛЖИР» лагеріне баруы ұйымдастырылады. Сонымен бірге, Алғыс айту күні, Наурыз мейрамы биыл ерекше атап өтілді.

1 мамыр – Қазақстан халқының бірлігі мерекесін атап өту бойынша да облыс аумағында ауқымды шаралар ұйымдастырылып, бірлік пен татулықты ту ететін елімізде өмір сүріп жатқан сан етностың тарихы мен мәдениетіне құрмет көрсетілді. Сондай-ақ, Қазақстан халқы Ақмола ассамблеясының сессиясы, Абай күні, Конституция күні, Отбасы күні, Қазақстан халқының Тілдері онкүндігі, Республика күні мен Тәуелсіздік күні, тағы да басқа атауды датарлар аясында көптеген іс-шаралар жоспары қарастырылған. Осы іс-шаралардың барлығы облыстың мәдени өмірін байытуға және этностардың әртүрлі өкілдері арасындағы сыйластық қарым-қатынасты орнатуға, достықтарын нығайтуға бағытталып отыр. Бұл өңір тұрғындары мен қонақтарына түрлі тарихи кезеңдерде елімізге қоныс аударып, қазір Қазақстанды өзінің Отаны санайтын этностардың мәдени мұрасының байлығы мен алуан түрлілігін танытуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, облыстық ассамблея мен «Қоғамдық келісім» мекемесі этно-мәдени бірлестіктерінің қызметін өзара іріктіріп, мәдениетаралық дамуға, мемлекеттік тілді және қазақстандық патриотизмді ілгерілетуге бағытталған «Ел бірлігі», «Достық дәмі» жобаларын іске асыруда. Жоба жұмысына «Қазақ тілі мен мәдениеті», «Чинисон» корей мәдени орталығы, қырғыздардың «Манас», тәжіктердің «Санги Кабуд», немістердің «Видеребург», шешен-ингуштардың «Вайнах», армяндардың «Фари», сол сияқты, өзбектер мен поляктардың, татар-башқұрттардың этно-мәдени орталықтары мен қоғамдық бірлестіктері, Ақмола облысы орыс қауымдастығы жұмылдырылады. Осы тәртізде «Бірлігіміз әралуандықта», «Отаным – тағдырым», «Ерекше сөйле» жобаларын іске асыруға да барлық этно-мәдени бірлестіктердің төрағалары қатысып, атсалысуда.

Облыс аумағында өмір сүріп жатқан өзге ұлт өкілдері бір атының баласындай қиыншылыққа, ауырталшыққа тап болған пенде көрсе, оған қолындағы барын беріп, қашан да мейірімін төгіп, қолынан кел-

ген қайырымдылығын жасауға әзір. Ата-бабамыз ежелден «жаксылық қылсан жасыр, жаксылық көрсен асыр» деген. Сондықтан, көбіне-көп олар жасаған жаксылықтарын айтып, жарияламайды. Сырттан естіп, біліп қуанып қаламыз. Ал, өзіміздің көзімізбен көрген жаксылықты атап өтсем, жыл басынан бері этно-мәдени бірлестіктердің өкілдері 3 жүзден астам аз қамтылған және көп балалы отбасыларға 75 миллион теңгенің қайырымдылық көмегін тиістігіті.

Ортамызда жан-жағына жанашырлық танытып, жаксылық жасап, мұқтажға қажетін өперіп, жасты дұрыс жолға сілтеп, қолтығынан демеп жүрген жомарт жандар қаншама. Солардың бірі көптеген мұқтаж адамның алғысын арқаалаған «Ақмола облысының өзбек этно-мәдени орталығы» қоғамдық бірлестігінің төрайымы Тажибуи Медетова. Ол Қазақстан халқы ассамблеясының «Жомарт жан» медалімен марапатталған, ал, «Қазақ тілі мен мәдениеті» қоғамдық бірлестігінің төрағасы Марат Қойшын «Бірлік» қоғамдық алтын медалін иеленді.

Биылғы су тасқыны кезінде біздің Қазақстан халқы Ақмола ассамблеясы жанындағы «Ассамблея жастарының» волонтерлері мен этно-мәдени бірлестіктері, «Қоғамдық келісім» мекемесіндегі ұжымдар Достық үйі ғимаратында «Жомарт жан» орталығын ашып, биылғы су тасқынынан зардап шеккен 220 отбасыға көмек қолын созды. Сонымен бірге, «Жүректен жүрекке» акциясы аясында аудандардағы су басқан елді мекендердің тұрғындарына жылу жинап, ондағы қарғын сумен арпалысқан құтқарушыларды қажетті құрал-жабдықтармен және ыстық тамақпен қамтамасыз етуге атсалысты. Жалпы, Қазақстан халқы Ақмола ассамблеясы мен елдегі жағдайға бей-жай қарамайтын ел азаматтары ауызбіршілік пен татулықтың арқасында 21,5 миллион теңге қаржы жинап, айтып келмейтін апаттан зардап шеккендерге барына көмегін жасады.

Міне, ұлтаралық келісім мен татулықтың, сыйластық пен достықтың арқасында талай қуанышты сәттерді бірге өткізіп, қиын-қыстау кезеңді бірлесіп өңеріп келеміз. Мұның барлығы қасиетті қазақ даласын мекендеген әрбір ұлт пен ұлыстың жергілікті ұлтқа деген құрметі мен бірлігі, адалдығы болса керек.

Барша қазақстандықтарды келе жатқан 1 мамыр – Қазақстан халқының бірлігі күнімен шын жүректен құттықтаймын! Жұрттымыз тыныш, ұрпағымыз ұлағатты, бірлігі жарасқан халқымыз аман-есен болсын.

Ермеке НУҒЫМАНОВ, «Қоғамдық келісім» мекемесінің басшысы.

Президент қолынан «Шапағат» медалін алған Анастасия

(Соңы. Басы 1-бетте). Бұл естелікті маған күні кеше Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Тоқаевтың қолынан халықтар арасындағы бейбітшілікті, достық пен ынтымақтастықты нығайтуға, мемлекеттік тілді дамытуға сыйғен еңбегі үшін «Шапағат» медалін алған Анастасия Ирүбаева айтып берген болатын.

Назерке (Анастасия) Валерьевна бүгінде Аршалы ауылының орта мектебінде жас ұрпаққа тағалымды тәрбие беріп, олардың бойына білім нұрын құйып жүрген қазақ тілі мен әдебиетінің мұғалімі. Ол 1998 жылы Астрахан ауданының Астрахан ауылында дүниеге келген поляк қызы. Анасының қалауымен аталған ауылдағы орта мектептің қазақ сныбында оқыған. Орта мектепті ойдағыдай аяқтап, Л.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетінің филология факультетіне оқуға түсіп, қазақ тілі мен әдебиетінің мұғалімі мамандығын алып шыққан. Жоғары оқу орнын тәмамдаған

соң, қазақтың Арман есімді жігітпен танысып, оған тұрмысқа шығып, бүгінде сол қара шаңырақта ардақты аналарымен бірге тату-тәтті гүмбір кешіп, келіндік міндетін абыроймен атқаруда.

– Отбасылық мерекелер мен атаулы күндерде шаңырағымызда жыны-той немесе тіршіліктің қамымен атқарылатын соғым сою секілді шаралар өтетін болса, енем ет асу, нан жаю, бауырсақ пісіру, қуырдақ әзірлеу секілді ұлттық тағам дайындау түрлерін маған сеніп тапсырады. Жұма сайын, айт күндері шелек пісіріп, майдың иісін шығарамыз. Қара шаңыраққа келін болып түскен соң, жауапкершілік көп болады екен ғой. Мұның да өз жаксылығы бар. Үлкендердің алғысы мен ақ батасына кенелсек, болашақ жаман болмаймыз деп ойлаймын, – дейді Назерке келін (Назерке келін деп отырғанымыз, шаңырағында да барлығы оны осылай атайды екен).

Күйеуіне аяулы жар, ата-енесіне инабатты келін, мектепте үлгілі мұғалім Анастасия Валерьевна қоғамдық қызметпен де айналысады.

Ол Целиноград ауданының жас педагогтар одағының төрайымы. «Неге жүрегіңіз қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі мамандығын таңдады?» деген сауалымызға жауап берді:

– Мен бала кезімнен Ұлы Абайдың өлеңдерін, кара сөздерін жаттап өттім. Осе келе Мұхтар Әуезовтің шығармаларына деген қызығушылығым артып, «Абай жолын» мектеп қабырғасында жүргенде-ақ, бағдарламадан тыс толығымен оқып шықтым. 2015 жылы республикалық «Абай оқуларына» қатысып, жүздеген атаңдым. Содан кейін де қазақ әдебиетінің шығармаларын оқи бердім. Осылайша қазақ тілі мен әдебиеті пәніне қызығушылығым артты. Нағашы туыстарымның көбі мұғалімдер, содан болар, мен де мұғалімді мамандығын таңдадым, – дейді Анастасия Ирүбаева.

2021 жылы ол Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрлігінің Тіл саясаты комитетінің ұйымдастыруымен өткен, ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған «Мемлекеттік тіл –

тәуелсіздік символы» республикалық байқауында Бас жүлдеге ие болыпты. Ағымдағы жылдың 25 сәуір күні Мемлекет басшысының қолынан Қазақстан халқы Ассамблеясының «Бірлік. Жасамандық. Өрлеу» атты ХХХІІІ сессиясы аясында «Шапағат» медалін алып, тағы бір белесті бағындырды.

– Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың қолынан мемлекеттік награда алу мен үшін үлкен мәртебе. Президент мырзаға зор ризашылығымды білдіремін. Қазақ тілінің абыройын түсіремі, елдің гүлденуіне өз үлесімді әлі де қосамын деп ойлаймын. Мемлекеттік тілдің төрелесі асқақ, тұғыры биік болсын, – дейді Анастасия Валерьевна сөз соңында. Ана тілімізде жүрегімізге жылы ұялаған осы сөзіне қалай риза болмасаңыз.

Ырысәлі ТӨЛЕГЕНҚЫЗЫ.

Целиноград ауданы.

Жолдың шетіне тоқтаған көліктен түсе сала, «әжелеп» жүрген құлыншақты өмірене күтіп алып, құшағына басып жатқан ақ жаулықты ананың қуанышын көрген біз осы көрініске сүйсініп тұрмыз. Бұл бар саналы ғұмырын ауылда еңбек етумен өткізген, жарты ғасыр бие сауып, қымыз піскен Мәрия Ермағамбетова. Шын есімі – Паулина Давыдовна.

Мәуелі бәйтеректей тамыр жайған

Бүгінде іргелі аулеттің сәні мен мәніне айналған ана өткен ғасырдың 40-шы жылдарының басында сталиндік сойқанның салдарынан қазақ жеріне Ресейдің Саратов облысының Поволжье аумағынан күштеп көшірілгендермен келген неміс қызы. Әкесі Давид Фабер ол кезде дін қызметкері болыпты. Сол уақыттағы дүрбелең кезеңін сүркія саясатынан құтыла алмай, «салық жауы» атанып, кейін хабарсыз кеткен.

– Ол кезде саясат тым қатан болатын. Дінді насихаттауға күштеп етілгеніміз. НКВД-ның адамдары бізді күштеп көшіріп әкелгеннен кейін араға аз уақыт салып, әкеміз сол кездегі Казгородқақты әскери болымыз алып кетті. Содан хабарсыз қалдық. Ату жазасына кескенін не соғысқа жібергенін білмейміз. Анам Мария екеуіміз осы Кенашы ауылында қалдық. Мен ол кезде небәрі 9 жаста едім. Менен үлкен әкем 16 жаста болған соң, оны Еңбек армиясына алып кетіп, ол араға он жыл салып бір-ақ оралды. Анам екеуіміз соғыс жылдары тылда еңбек еттік. Жер жырту, егін егу, оны ору секілді ауыр жұмыстарға жұмылдыдық. Балалық шақтың не екенін білмеймін, қызығын көре алмай өстік, – деп көз жасына ерік берген ере сол бір кездердегі қысықтанды сәттерді есіне алды. – Бізді НКВД-ның жандайшаптары адам құрлы көрмейтін, халық жауының отбасы деп басынатын. Бірақ, осы ауылдың тұрғындарының қолдап, жігер беруінің арқасында бойымызға қайрат жинадық. Жылдар жылжып, осы мамыражай күнге де жеттік, қазақтар бізге жылы шараймен қарап, бағалайтын.



дальдарын иеленіпті. Сол уақытта Мәрия Давыдовна жастық жігерімен жұбайының қасында жүріп, бие сауып, қымыз дайындап, сабантойларға барып, онда қазақтың ұлттық тағамдарын әзірлесіп, көмектесіп жүріпті. Сыйластықтары жарасқан бұл жұптың шаңырағы дүниеге сәби келе бастаған кезде одан әрі шарайланып, жылуы артып, шуақтана беріпті. 10 баланы дүниеге әкеліп, тәлім-тәрбие беріп, ұлдарын ұяға, қыздарын қияға қондырған сол алтын босағаға бүгінде немере келіндері күт қондырып, шөбере келіндері ырыс себелеуде. Мәуелі бәйтеректей тамырын теренге жайып, тоқсаннның төртеуін өңеріп отырған Мәрия әжеміз бүгінде 25 немере, 35 шөбере, 3 шопшек сүйіп, бала-шағасының ортасында шат-шадыман, бақытты күн кешуде. Қабдөл Ермағамбетұлы ұл-қыздарын құтты орындарына қондырған соң, немерелерінің алдында қызығын көрседі де, өкінішке орай, тағаларын жазуымен 2006 жылы келместің кемесіне аттаныпты.

– Біз апамызды Ақ әже деп атаймыз. Себебі, әжеміздің адам баласына деген көңілі ақ, пейілі кең. Өсіресе, қазаққа деген тілеуқорлығы мен жанашырлығы бір төбе. Өзінің ұлты неміс болса да, қазаққа тұрмысқа шыққанын мақтан етіп, балаларына да келінді қазақтан алуларын міндеттепті. Мен әжеміз неміс дегенде, салт-дәстүрлері қалай болады екен деп ойланым қалғаны рас. Бірақ, көріп, біліскеннен кейін әжеміздің ұлты өзге болғанымен, жүрегі қазақ екенін түсіндім, қуандым. Қашан келсек те, жүзі жарқын аңыздың алдымыздан жайрандап шығып, маңдайымыздан нисеп, ақ батасын бері жатағанына көзіміз қуанып, риза боламыз. Шөберелерін көргенде, өзін ұмытып, олармен балаша ойнап, сөйлеген тілін қызықтан, шаттанады. Сондықтан, Кенашыға соққанда ата-енемізге кіріп-шыққаннан кейін, үлкен үй деп осы әжеміздің құтты шаңырағына тартамыз. Көңілін көтеріп, шүйірлесіп әңгіме айтып, батасын алып кетуге тырысамыз, – дейді Айнаш есімді немере келін. – Ақ әжеміздің есте сақтау қабілеті өте жақсы. Балалары түгелі ор немересінің, шөбересінің туған күнін ұмытпайды, хабарласып, құттықтан жатады. Үйіне барған қонағын ешқашан құр қол шығармайды. «Күйеу үйден құр шықпа» деген қазақы ырымдай ұмытпайды, өте жомарт, мейірімді, қолы ашық жан. Қазір біз де әжеміздің жолын жалғап, үйреткен қазақы салт-дәстүрін өз отбасымызда ұстанамыз. Қонақ ырысымен келеді деп, кім келсе де қуана қарсы аламыз.

Өткен ғасырдың ауырталықтарын бір бастарынан өткізіп, қиналса да, ерік-жігері мұқалмай, еңбекпен көгерген осындай адамдар тағдыры қаншама десеңізші. Қазақ жеріне күштеп көшіріліп әкелінген нешеше ұлттың өкілдері осы елдің халқымен үнісіп, салт-дәстүрін бойларына сіңіріп, осы жердің ұл-қызғымен отандық, қызы алып, қыз беріпті, іргелі аулетке айналып, ұрпағын өрбітті. Олардың бірі поляк, бірі неміс, енді бірі ингуш, татар... Осылай келе берді...

1974 жылы Батыр ана атыған алған Паулина Давыдовна Қазақстанды бүгінде бақыт мекені, қасиетті де киелі Отаны санайды. Халқымыздың татулығы мен достығына, сыйластығы мен тілеулістігіне дән риза еңбек ардагері барша қазақстандықтардың бірлігі бекем, ынтымағы мығым болсын деп тілейді.

Б.ШАМШИНЕВА.

Биржан сал ауданы.

Дархан қазақ даласында бұрын өмірлік тәжірибесі мол, аға буын өкілдерінен құралған ақсақалдар кеңесі болған. Олар дала заңы бойынша ел ішіндегі екеуара, немесе руаралық дау-дамайды әділ шешіп, жанжалдасқан екі тарапты мәмілеге келтіріп, татуластырып, тентекті тезге салып, түзетіп отырған.

Ақсақалдар кеңесі – елдің ұйытқысы

Онда ақсақалдар халықтың бірлігін сақтап қалуды көздеген. Қаншама ұлт пен ұлысты бір шаңырақ астында ұйыстырып отырған елімізде қазір де ақсақалдардың үлес салмағы басым. Тәуелсіздік алғаннан бері елімізде қоғамдық институттар көптеп қалыптасты. Солардың бірі – былтырдан бері қолға алынған Ақсақалдар кеңесі. Бірақ, олар бұрынғыдай руаралық немесе екеуара дау-дамайды шешпейді, заманның өзгеруіне, қоғамның дамуына байланысты олардың жұмыс жүйесі басқаша.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев ел ішін аралап, халықпен кездескен сәттерінің бірінде: «Қазақ қай заманда да төрде отырған үлкенді сыйлап, құрмет тұтқан, ақсақалдардың жөнді сөзіне тоқтам жасап, олардың ізіне ерген. Ал, ауызы дуалы қарияларымыз бен ақсақалдарымыз қашанда елдің ұйытқысы болып, татулықты насихаттап, бірлікті сақтап отырған. Ендеше осы үрдісті әлі де жандандырып, бір жүйеге түсіру керек. Бәлкім кеңестерді Ассамблеяның жанына топтастыру керек шығар» деген еді. Міне, Мемлекет басшысының бұл ұсынысы халықтан қолдау тауып, қазіргі таңда барлық аймақта Қазақстан халқы Ассамблеясы жанынан Ақсақалдар кеңесі құрылып, жұмысын бастап кетті. 2023 жылы қаңтар айында Аршалы ауданы әкімінің қаулысымен Ақсақалдар кеңесі құрылды. Биыл сол қаулыға өзгерістер енгізіліп, ақсақалдар алқасының құрамы жаңартылды.

Аудандық Ақсақалдар кеңесінің басты мақсаты – ел бірлігі мен ұлтаралық татулықты нығайту бағытында жұмыс істеп, халықтың жергілікті атқарушы органдар мен қоғамдық ұйымдар арасында туындайтын түсініспеушіліктерін ретке келтіріп, көмек көрсету, консультативтік-кеңесші орган қызметін атқару. Бүгінде ауданның Ақсақалдар кеңесінің құрамына 7 адам, яғни, аймақтың құрметті және беделді еңбек ардагерлері енгізілді. Наурыз айында ақсақалдар кеңесінің құрамын құрамымен аудан әкімі Мұрат Балпан кездесіп, кеңестің бірінші отырысын өткізіп, төрағасын сайлады.



Біздің алдымызға аудандағы басқа қоғамдық ұйымдармен, атап айтқанда, ардагерлер қоғамымен, кәсіподақ ұйымдарымен, жастардың бірлестіктерімен тығыз жұмыс істеп, этносаралық татулықты, қайырымдылық бағытында іс-шаралар ұйымдастыру секілді міндеттер қойылды. Сонымен бірге, біздің кеңес мүшелері аудан жастарымен кездесіп, өмірлік тәжірибелерімен бөліседі, оларға дұрыс жол сілтеп, бағыт-бағдар береді, өз елін, тарихын құрметтеуге шақырады, қазақстандық патриотизмді нығайтуға атсалысады, жалпы, қоғам мен билік арасында өзара іс-қимылды қамтамасыз етуге орай жұмыстар атқаратын болады. Аудандық Ақсақалдар кеңесінің келесі отырысы мамыр айының орта тұсына жоспарлан отырмаз.

Владимир БИДЖИНЕВ, Аршалы аудандық Ақсақалдар кеңесінің төрағасы.





### Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ:

Ассамблея – кейбір адамдар айтып жүргендей, жасанды ұйым емес. Ассамблея – ел бірлігін іс жүзінде орнықтыра түсетін тиімді құрылым. Бүгінде бұл – конституциялық мәртебесі бар маңызды қоғамдық орган. Ассамблея өте ауқымды қайырымдылық шараларын дер кезінде және жедел ұйымдастырып келеді. Мұның бәрі көп жылдық жүйелі жұмыстың нәтижесі екені сөзсіз. Ассамблея мүшелері «Қайырымдылық керуені» жобасы арқылы мұқтаж жандарға үнемі қолдау көрсетіп жүр. Былтырдың өзінде құны 1,7 миллиард теңгеден асатын көмек берілді. Бірлігі мықты халықтың күш-қуаты азаматтардың бір-біріне деген осындай қамқорлығынан айқын көрінеді.

(Қазақстан халқы Ассамблеясының «Бірлік. Жасампаздық. Өрлеу» атты XXXIII сессиясында сөйлеген сөзінен).

Бүгінгі таңда мұнда 9 этно-мәдени бірлестік жұмыс істейді. Олар – татар-башқұрт өкілдерінің «Юлдаш», шешен-ингуштардың «Беркат», славяндардың «Орыс қауымдастығы», әзірбайжандардың «Хазар», немістердің «Сат еллит», қырғыздардың «Манас», өзбектердің «Әмір – Темур» орталықтары мен поляктардың «Полония» бірлестігі және «Степеныюгендо» неміс жастар клубы.



## Достық пен татулықтың ордасы

Қаламыздағы «Достық және шығармашылық үйі» 2005 жылы ашылып, қалада құрылып жатқан этно-мәдени бірлестіктер мен ұлттық орталықтардың келісімі мен татулығының киелі ордасына айналды. Оның төрінде түрлі ұлт өкілдерінің мәдени-шығармашылық өнерлері насихатталып, әр алуан тілдегі әндері қалықтайды.

Мекеменің негізгі қызметтерінің бірі – қаладағы ұлттық орталықтармен бірлесіп, жұмыс істеп, түрлі концерттер, спектакльдер, шоу-бағдарламалар өткізу, түрлі бағыттағы іс-шараларды ұйымдастыру. Біздің ұлттық орталықтар қалалық қана емес, облыстық, республикалық байқауларға да белсене қатысады. Мәселен, «Орыс қауымдастығы» этно-мәдени бірлестігінде хор клубы құрылды. Олармен кәсіби музыкалық жетекшілер және «60+» денсаулық клубы жұмыс істейді.

«Достық және шығармашылық үйінің» этно-мәдени орталықтары былтыр облыстық «Достық дәмі» фестиваліне қатысты. Іс-шара қазақ халқының рухани және мәдени құндылықтарын насихаттап, қазақ елі мен жеріне деген сүйіспеншілікті арттыру, қазақ тіліне деген сүйіспеншілікті ұлғайту мақсатында ұйымдастырылған болатын. Онда облыс аумағында тұратын басқа этнос өкілдерінің де тарихи, дәстүрлері мен мәдениеті кеңінен насихатталып, ұлттар арасындағы өзара достық жастарға үлгі етілді. Бұл фестивальге «Юлдаш» татар-башқұрт этно-мәдени бірлестігі белсенді қатысып, тұрмыстық заттарын, татар тағамдарын, ұлттық киімдерін көрме ретінде ұсынып, ұлттық ойындарын, әндері мен билерін, ұлттық рәсімдерін көрсетіп, театрландырылған қойылымын ұсынды. Со-

нымен бірге, қаламыздың этно-мәдени бірлестіктері «Рождестволық кеш», «Менің Отаным – менің Қазақстаным» халықтық қолданбалы өнер көрмесін, «Аулақ ой», «Исем қушу» театрландырылған қойылымдарын, Масленицаға арналған концерттік бағдарламасын, Алғыс күніне орай «Арайлы атамекенім», «Менің туым – менің Отаным!» патриоттық челленджерін, «Ғарыштық қадам» скандинавиялық серуендеу фестивалін ұйымдастырып, өздері белсене қатысады.

Бүгінгі таңда этно-мәдени бірлестіктер қызметінің табысты бағыттарының бірі қайырымдылық пен еріктілікті дамыту болып табылады. «Жақсылыққа асыққандық берекет» демекші, степногорлық этно-мәдени бірлестіктердің барлық мүшелері қалалық қайырымдылық акцияларына белсене қатысып, мұқтаж жандарға, көпбалалы отбасыларға қолдан келгенше көмегін көрсетіп отырады. Жыл сайын өткізілетін осындай қайырымдылық акцияларының бірі – «Тілек ағашы». Онда этнос өкілдері мүмкіндігі шектеулі балалардың «Тілек ағашына» ілген бір тілегін орындап, сұраған затын алып беріп, бала көңілінен шығады.

1 мамыр – Қазақстан халқының бірлігі күнінде де біздің бірлестіктер түрлі көрмелер мен концерттік бағдарламалар ұйымдастырып, қала тұрғындарына жақсы көңіл-күй сыйлайды. Халқымыздың бірлігі бекем, еліміз аман, жұртымыз тыныш болсын.

Анар ҚОРЖЫНБАЕВА,  
«Достық және шығармашылық үйі»  
мекемесінің бөлім меңгерушісі.

Степногорск қаласы.

Негізінен, ауыл шаруашылығы саласымен айналысатын Мәдениет ауылында бүгінде түрлі ұлт өкілдері тату-тәтті өмір сүруде. Халық саны бес жүзден асатын ауыл тұрғындарының көп бөлігін ұлттық құрамы бойынша қазақ халқы мен орыс ұлтының өкілдері құрайды. Бұдан бөлек ауылда украин, беларус, татар, неміс, армян, өзбек, башқұрт және құмық халқының ұрпақтары да тұрады.

## Суретші Софья асық та ойнайды

Бұрын бұл ауылда поляк, молдаван, шешен-ингуш пен каракалпақтар да мекен еткен дейді жергілікті тұрғындар. Өз басым оқу жылының басында осы ауылдың мектебіне тарих пәні мұғалімі болып орналасқан сәттен бері бұл елді мекендегі өзге ұлт өкілдерінің өзара сыйластығы мен достығын көріп, соған сүйсініп жүреміз.

Осы мақалаға арқау болып отырған кейіпкерім – оқуда алда жүрген озат оқушы, сурет салуға жаны құмар Софья Абрамян және оның отбасы. Бұл шаңырақ елімізде қалыптасқан ұлттар татулығының жарқын көрінісі іспетті.

Софья ауылдағы орта мектептің 9-шы сынып оқушысы. Ол сурет салумен қатар, қазақ тілі және математика пәндерін сүйіп оқиды. Осы пәндерден көптеген аудандық, облыстық және республикалық пән олимпиадалары мен ғылыми жобалар сайыстарына қатысып, жүлделі орындардан көрінді.

Атап айтқанда, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Айжан Серікқызының жетекшілігімен республикалық «Дарын» ғылыми-практикалық орталығы өзге ұлт оқушылары арасында қазақ тілін өткізген «Тіл – тәуелсіздік тұғыры» тақырыбындағы олимпиадада III-інші дәрежелі дипломаға, математика пәнінің мұғалімі Айгүл Аманжолқызының жетекшілігімен қатысқан «Математический взгляд на проблему зрения учащихся» атты ғылыми жоба байқауының облыстық кезеңінде II-інші орынға қол жеткізді.

Софья өзінің ана тілі – армян тілінен бөлек, қазақ және орыс тілдерін еркін меңгерген, ағылшын тілін де қызығушылықпен үйренуде. Бес аспан қызымыз қазақтың асық ойынын ойнап, мектептегі мерекелік шараларда ұлттық билерімізді мың бұрала билейді.

Ал, Софьяның бойындағы көркемсурет өнеріне деген қабілетін анасына бастауыш сынып пән мұғалімі Марина Шпринг (неміс ұлтының өкілі) байқап, айтыпты. Ол «баламын деген балаңың бетін қақпа, белің бу» демекші, Софьяның бойындағы өнерін ұштап, оны дамытуға қолдау көрсетіп, түрлі сурет байқауларына қатысуына мұрындық болыпты. Содан жас жауқазын көптеген аудандық, облыстық, республикалық, тіпті, халықаралық сурет байқауларына қатысып, біраз жетістіктерге жетті. Нақты айтқанда, 2022 жылы Алматы қаласында халықаралық ЮНЕСКО ұйымының қолдауымен өткен «THE PLANET OF ART» фестиваліне қатысып, арнайы сертификатқа, былтыр «Алтын адам» халықаралық білім және шығармашылық академиясы ұйымдастырған «Осенний вернисаж» сайысында бірінші орынға ие болып, арнайы дипломмен марапатталды. Сонымен қатар, суретші қызымыз өзінің шығармашылық жетістіктері нәтижесінде об-



лыс көлеміндегі дарынды оқушыларды қолдау мақсатындағы «Сұңқар» сауықтыру кешіне жолдама алып, жаздық демалысын өткізіпті. Сонымен бірге, мектеп әкімшілігі мен сынып жетекшісі, орыс тілі пәнінің мұғалімі Галия Рамазанқызы да Софьяға үнемі қолдау көрсетіп, бағыт-бағдар беріп отырады.

Софья отбасында үш баланың ортаншысы. Оның әкесі Арсен Абрамян ауыл шаруашылығы саласымен айналысып, бірнеше адамды жұмыспен қамтып отырған кәсіпкер. Өз кезегінде ол ауылда өтетін іс-шараларға және мектепке демеушілік көрсетіп, қайырымды істердің басы-қасында жүреді. Осыдан екі жыл бұрын ауыл ішіндегі оқушылардың мектепке баратын жолын жөндеп, асфальт төсеп берді.

Жақында Софьяға «биыл қазақтан шыққан алғашқы академик Қаныш Сәтбаевтың 125 жылдығына орай ғалымның суретін салып берсе» деген өтініш білдірген болатынмын. Жас суретші академиктің портретін айнытпай салып берді. Осындай озат, өнерпаз, жан-жақты шығармашылық оқушыма өзінің ұстаздық ризашылығымызды білдіріп, қанатын талмай, өнерің ерkes үстем болсын демекпін. Алдағы уақытта Мәдениет ауылында Софьяның салған суреттерінен жеке көрме өткізу жоспарлануда.

Қуаныш ҚАБИДОЛДИН,

Мәдениет орта мектебінің тарих пәні мұғалімі,  
шебер-педагог, магистр.

Сандықтау ауданы.

### ҰЛТЫМ – БАСҚА, ТІЛІМ – ҚАЗАҚ!

Қай елде, мейлі қай жерде жергілікті ұлттың тілі мемлекеттік тіл болып саналады. Қазақстанның мемлекеттік тілі – қазақ тілі. Осынау ұлан-ғайыр далада өркендеп, тамырын жайып жатқан әрбір ұлт өкілі осы тілді құрметтеп, үйренуге міндетті деп санаймын.



## Елімді биіктерден көргім келеді

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың күні кеше ғана өткен Қазақстан халқы ассамблеясының XXXIII сессиясында «Мен қазақ тілі ұақыт өте келе этносаралық қатынас тіліне айналатынына сенімдімін. Біз біртіндеп осыған келе жатырмыз» деген сөзі жүрегіме жетті, көңілімнен шықты. Өйткені, біз Қазақстанда тұрғандықтан, осы елге құрмет ретінде қазақ тілінде сөйлеуіміз парыз. Менің ұлым – украин, бірақ, тілім – қазақ! Қазақ тілін анау айтқандай көркем әдебиет тілінде сөйлесем де, барынша меңгердім.

Кен-байтақ қазақ жерінде кіндік қаным тамып, анам кір жуған. Сондықтан, мен осы киелі мекеннің тілі былай тұрсын, салт-дәстүрін, мәдениетін мен әдебиетін де құрметтеуім керек. Себебі, осында тұрып жатқан қай ұлтты алсақ та, бір атаның ұрпағындай сыйласып, бейбіт аспан астында, тыныштықта өмір сүріп жатырмыз.

Тарихтан белгілі, қазақ жері өткен ғасырдың саяси бұралаңдарын, көптеген ауырлықтары мен қиыншылықтарын бастан өткерген қасиетті мекен. Бұл жерге қаншама ұлт өкілдері күштеп әкелінді, қаншама ел жан сауғалап, аман қалды. Жергілікті ұлт өкілдері қай-қайсы болмасын жылы қабылдап, барын алдарына тосып, қолындағы соңғы наным бөлісіп, балаларына дейін бауырларына басты. Осыдан кейін қазақ деген ұлтты, оның тілі мен мәдениетін қалайша қадрлеуіміз керек, қалайша құрметтеуіміз керек?

Менің әкем Ерейментау ауданының Кішікәй деген қазақ ауылында туған. Ауыл балаларымен бірге ойнап, бірге өскен соң қазақшаға сұядай. Маған қазақ тілін әкем мен оның достары, одан қалды, өзімнің қатарластарым үйретті. Өзім Ерейментау ауданының Сілеті

ауылындағы орта мектепті бітірдім. Қазақша, орысша еркін сөйлеймін. Оқушы кезімде қазақ тілі мен әдебиетінен аудандық пәнаралық олимпиадаларға қатысып, біраз жетістіктерге де жеткенмін. Кейін Степногорск қаласындағы Бөгенбай батыр атындағы облыстық спорт-интернаттың оқылдым. А.Мұрағалиевтің атындағы Көкшетау университетінің дене шынықтыру және спорт факультетінде оқып, диплома алдым. Қазір «Қасқыр» деген жеке спорт клубын ашқанмын, сонда бала жаттықтырамын.

Оқушыларыма қазақ тілін насихаттап, қазақша сөйлендер деп талап қоямын. Себебі, олар болашақ Отан қорғаушылар, келешек чемпиондар. Олар өз елінің патриотты болу керек. Ал, патриот болу деген елінің тілін біліп, тарихын танып, мәдениетін ұлықтаудан басталады. Қазір жаттығу барысында оқушыларым ұлттарына қарамастан, қазақша сөйлеседі.

Клубтың атауын «Қасқыр» деп қоюмының өзі кездейсоқ емес. Оның артында тектілік, күш-жігер, қайрат, әділеттілік деген ұғымдар үйлесім тапқан. Өрі өз тәрбиеленушілерімді осылай көргім келеді.

Жоғарыда атап өткен Қазақстан халқы Ассамблеясының кезекті сессиясына мен де қатысып, Мемлекет басшысының қолынан «Ерен еңбегі үшін» медалімен марапатталдым. Осы ретте, ұлтаралық келісім, мемлекетіміздің, қоғамның дамуы жолындағы азын-көпті еңбегімді бағалаған еліме ризамын. Өзімді де, осындай ақжолтай мемлекетімді де биіктерден көргім келеді.

Ерейментау ауданы.

Николай ДУРАЧЕНКО.

«Спорттың түр-түрімен айналысып көрдім, бірақ жанымға жақыны, көңілімнен шыққаны – қазақ күресі. Бұрын қазақ күресінде орыстың баласы не істеп жүр дегенді жиі еститінмін. Қазір бәрінің көзі үйренді»...

## Қазақ күресін қазақпен тең меңгерген

Иә, бұл жолдардың авторы қазақ күресін жанына серік еткен Қазақстан Республикасының спорт шебері, Азия кубогының чемпионы Леонид Станнев. Ол Көкшетау қаласының іргесіндегі Краснояр селосында туып, өскен. Кішікентай кезінен спортты жаны қалап, түрлі секцияларға қатысқан.

– Бала кезде сыныбымызбен бір секциядан екіншісіне ауысып жүре беретінбіз. Екінші сыныпта оқып жүргенде, сыныптас досым мені өзі қатысатын еркін күреске шақырды. Бұл спорт түрі маған ұнап қалды. Арасында футболға да барып жүрдім. Қазақ күресімен 2001 жылдан бері айналысамын. Өрне, боз кілемде белдесіп, бірден жеңіске жеткен жоқпын, жеңілген сәттерім де болды. Жеңістің дәмін 7-8 сыныптарда оқып жүрген кезімде сезе бастадым. Содан қызығушылығым артып, көбірек жаттығуға уақыт бөліп, еңбектену түстім. Алғашқы жаттықтырушыларым – Ақмола облысының Ұлттық спорт түрлері федерациясының президенті Марат Қойшинге, қазақ күресінен бапкерім Анас Исинге алғысым шексіз. Олар маған күрестің қыр-сырын үйретіп, спорт додаларына баптап, қосып, әрі жаттықтырушылық, әрі әкелі ақыл-кеңестерін беріп, жігерлендірумен болды. 2005 жылдан бастап осы күнге дейін жеке жаттықтырушымын – Ерік Шольмов. Мен әлі де үзбей жаттығамын. Алда сын сәттер көп, спортшы ретінде бәріне де дайын болуым керек, – дейді мемлекеттік тілді еркін меңгерген Леонид.

– Шокан Уәлиханов атындағы Көкшетау университетін «Транспорт, көлік техникасы және технологиясы» кейін «Дене шынықтыру пәні мұғалімі» мамандықтары бойынша оқып бітірген. Бүгінде отбасының тірегі болып отырған спортшы ауылы жарының сүйеніші, 3 баласының қамқоршы әкесі. Жаттығудан бөлек спортшы Застанционный кентіндегі №14 жалпы білім беретін мектептің балаларын спортқа баулып, қазақ күресін үйретеді.

– Менің спорт шебері атауым да қызық. Ол кезде жастар арасында чемпионат өтіп жатқан. Спорт шебері атағын бірінші орын алған жеңімпазға ғана береді. Сөйтіп, оған бар күшімді салып дайындалдым. Өйткені, келесі жылы мен ересектер санатына өтуім керек-ті. Бірақ, өз салмағым бойынша алғашқы жеке-жеке қарсыласымнан ұтылып қалдым. Содан кейін келесі күні өзіме-өзім бекер дайындалмағандымды дәлелдеуге бел буып, абсолютті салмақ дәрежесінде өнер көрсетуге шығып, 1 орынды алып кеттім. Сөйтіп, спорт шебері атағын алдым, – дейді сол сәтті күліп еске алған Леонид.

Сонымен, Леонид 2013 жылы жастар арасында өткен күрестен



Қазақстан чемпионы, Қазақстан Республикасы Кубогының үш дүркін жүлдегері, 2018 жылы қырғыз күресінен өткен Дүниежүзілік көшпенділер ойындарының күміс жүлдегері. Сондай-ақ, ол былтыр күрестен Азия Кубогының чемпионы атанды. Оның қоржынында бұдан да басқа турнирлер мен додалардың жүлделері жетерлік. «Ақмола барысы», «Қазақстан барысы» жарыстарында да бақ сынап, біраз жетістіктерге жетті.

– Женіс тұғырында тұрып, еліміздің көк байрағын қалықтапты, Өнұранымызды асқақтату бала кезден келе жатқан арманым еді. Былтыр Азия Кубогында сол арманым орындалды. Өте ерекше сезім екен. Өзімді дархан далаңыз – Қазақстанның бір бөлшегі екеніме іштей қуанып тұрдым, – дейді кейіпкерім Леонид. – Қазір Қазақстанда ұлттық спорт түрлері өте жақсы дамып келеді, осыдан 10-15 жыл бұрын көбіміз ұлттық спорт түрлерінің атауларын да білмеген едік. Бүгін ол жағынан біз жақсы қолдауды сезінеміз.

Боз кілемде ұлттық спорт түрі – қазақ күресінен өңір мерейін тасытып жүрген «ары қазақ» – Леонидке алдағы жоспарлары іске асып, еліміздің атын алысқа таныта берсін дейміз!

Қарлығаш САТКЕНОВА.

Көкшетау қаласы.

Айқарма бетті ұйымдастырған өз тілшіміз Ырысалды АХМЕТҚАЛИЕВА.





# ЕШКІМ ДЕ, ЕШНӨРСЕ ДЕ ҰМЫТЫЛМАЙДЫ!

## 1941 - 1945

### Ұлағаты ғасырға ұласқан

Ұлы Отан соғысының ардагері, Оқу-ағарту ісінің үздігі, тіл жанашыры, тарихшы, ұлағатты ұстаз Бөкенбаев Әйткен Жүсіпұлы 1 мамыр күні көзі тірі болса 100 жасқа толар еді. Ұлағаты ғасырға ұласқан ұлт жанашырының осы бір мерейлі датасын ескерусіз қалдырмай ұрпақтары туған-туыс, ағайынның басын қосып, 5 мамыр күні жамағатқа ас беріп, атамыздың рухына Құран бағыштайды.



Әйткен Жүсіпұлы 1924 жылы 1 мамырда қарапайым шаруа отбасында Целиноград ауданының Покровка ауылында дүниеге келген. Ата-анасы еңбеккер, кісілігі мол, кішіпейіл, адами абзал қасиеттері жоғары, парасатты жандар болған екен. Ұлдары да 1941 жылы Ақмолада №2-ші мектепті, содан соң қазақ тілі мен әдебиеті бойынша он айлық курсты тәмамдады. Осыдан кейін қазіргі Родина ауылында, яғни, бұрынғы «Интернациональнй» колхозындағы мектепте мұғалім болып еңбек жолын бастайды. Мектепте орыс балаларына қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен сабақ бере жүріп, олардың қазақ тіліне деген қызығушылықтарын арттырды. 1943 жылдың 4 наурызында Қызыл Армия қатарына шақырылып, №39-шы тың атқыштар полкында командир батыоны, старшина ретінде Отан алдындағы борышын адал атқарды. 1945 жылы әскер қатарынан денсаулығы бойынша босап, елге оралды. Қан майданда Отан алдында адал атқарған борышы елеусіз қалған жоқ. Әйткен Жүсіпұлы «1941-1945 жылдары Ұлы Отан соғысында Германияны жеңген үшін», «1941-1945 жылдары Ұлы Отан соғысында қақыры еңбегі үшін» медалдарымен марапатталды. Жәніштің әр мерейлі даталарына орай мерекелік мейрамына да не болған. Целиноград аудандық партия комитетінің, Еңбекшілер аудандық Кеңесінің алғыс хаттары қаншама... Осының барлығы бүгінгі мақаламыздың кейіпкері кіші ортада да, тіпті елімізге тән көңіл-көрі болсын, сыйдары сәт болсын, үнемі кызу еңбектің ортасынан табылғандығын, елі үшін жанын ұяла етуден тартынбаған батыл әрі парасатты биік жан болғандығын анық аңғартып бер.

Қан майданынан оралғанынан кейін 1945 жылы 27 казанның Покровка, қазіргі Ақ мешіт ауданындағы мектепке ұстаз болып орналасып, оқушы балаларға тарих және география сабағынан білім берді. Өз мамандығын жақсы көретін, оқушыларына туған бауырындай қамқор бола алатын жанашыр ұстаз ретінде ел аузында үлкен, абырой биігінен көрінді. Кейін, нақтырақ айтсақ, 1949 жылдың 26 шілдесінен бастап, Интернациональнй ауылындағы жеті жылдық мектебін қайта құрылуына байланысты мектеп директоры қызметіне тағайындалды. Сол лауазымда 28 жыл үздіксіз қызмет атқарды. 1948 жылдан бастап «Приозерный» ауылдық Советі атынан депутат, аудандық сотқа келісіні берді. Өктем өзінің пәнін терең меңгерген өңегелі ұстаз еді. Өз жұмысын жан-тәнімен жасын көрді. Біздің үйде үлкен-кіші күлестер, неше түрлі қарталар көп болатын. Қолындағы тағыммен тақтадағы қартадан кез келген мемлекетті көзін жұмып тауып беретін. Еселі еңбегі еш кеткен жоқ, елі жоғары бағалады. Кәрі, жас, басқа ұлт өкілдері, бәрі сыйлайтын. Ол кезде ұстаздарға көрсетілетін сый-құрмет ерекше еді ғой. 1953 жылы Қарағандың мемлекеттік институтында сырттай оқып, тарих пәні мұғалімі деген мамандық алып шықты. Арманы туған ауылына мектеп салығуы болатын. Өкінішті, осы бір асқаралы арманы орындалмай, бар-жоғы 48 жасында өмірден ерте кетті. 48 жасында 28 жылдан мектеп директоры болып қызмет атқаруының өзінде қаншама ұлағат жатыр! Анамыз Зукан әкеміздің жарқын бейнесін сонынан ерген алы ұл, бір қызана үлгі етіп өтті өмірден. «Қайда жүрсендер де, сендер, ұлағатты ұстаздың ұл-қызы екендігіңді ұмытпаңдар! Еш уақытта да әкелеріңнің абзал атына кір келтірмейтін болыңдар» дегенді жиі қайталайтын, – дейді баласы Омар әкесі туралы естеліктерімен бөлісіп.

«Ерін сыйлаған есікте қалмайды» дейді қазақ даналығында. Құдай қосқан адал жарының жарқын бейнесін, рухын құрметтеп, балаларына өкесін қадірлеуді үйретіп, шаңырағының шырайын келтірген әзіз аның газиз жүреті, апақ көңілі, адал өмірі кім-кімге болмасын үлгі екендігі анық. Омар ағамыздың айтуынша, анасы өте бауырмал, көркем мінезді, мейірімді шәкіз, қонақжай, үлкендердің жолын кеспейтін, кісілігі де, кішілігі де бір төбе, өте сыйпай жан болған екен. Абы-сындарымен де, көрші-қоланмен де, туған-туыс, бауыр-жеқжатпен де

сондай тату-тәтті өмір сүрген. Үйіне келген жанның барлығын бауырым деп қарсы алып, ақ дастарханына бар жақсысын тосып, құрғақ ұшып қарсы алады екен. Жарқын, Қайдар, Абай, Жабай, Дарига, Қамар, Омарларының барлығы жұрт үлгі етер ұл-қыздар болып ержетіп, ел аузында көргенді балалар деген жақсы атқа ие болды. Бұл күнде олардың әрқайсысы өмірден өз жолын тапқан, өз білігіне шыққан ел ағалары. Бізге әкесінің өміржолын баяндап, оның ғибратын жас ұрпаққа үлгі етуге ниет білдірген Омар ағамыздың өзі туып тұрған ұлағат иесі. «Әкем Ғарифолла Құрманғалиевичтің әндерін жақсы көріп тыңдайтын. Қазір сағынышымды әнімен басып, жүрегімді әнімен жұбатамын», – дейді Омар аға одан әрі де әкеге деген ыстық ықыласын білдіріп. Әкесінің өңегелі өмір жолы туралы деректерді тіркете отырып жүрген де осы ағамыз.

– Өмір болғасын, әртүрлі жағдайлардың орын алатыны заңдылық. Елдің үлкендерінің айтуынша, сол кезде ауылда Трутенько есімді учаскелік инспектор бар екен, сол кісі ауылда бір келесіздік орын алса, алдымен біздің әкеймен кездесіп, ақылдасады деседі. Әкей кез-келген тәртіп бұзушыны мектепке алдыртып. Кейін жағдайды егжей-тегжейлі білген соң, ақылмен әлгіні өзі тезге салып, орнына қоятын. Қазаққа «Бас жарылса бөрік ішінде, қол сынса жең ішінде» деген мақал бар ғой. Әкеміз де барышы елдің арасында ауызбіршілікті, бірлікті, ынтымақты сақтауды басты мұрат санаған керек. Үнемі сотқа халық арасынан келісімі болып сайланады екен, сондай-ақ, жергілікті Кеңестерге депутат болып сайланып отырған. Осының барлығы ел халқының әкеміздің адал әрі білімді, көзі ашық, көкірегі ояу азамат ретінде танығанының белгісі деп ойлаймын. Біздің қара шаңырақтан қонақ үзілмейтін, келген кісіге дастарханымыз үнемі жаяулы болатын. Совхоз директоры Тимошенко Николай Гаврилович әкеміздің досы еді, егін себуі, оны ауыл кезінде жұмыс бабымен біздің ауылда жүретін. Приозерный ауылдық Советінің басшысы Корчиков та әкеймен дос еді, жиі келетін. Бұл кісілер соғыс ардагерлері еді, достықтары кіршіксіз таза болатын, бірін-бірі сөзсіз түсінетін. Әкеміз көпшіл болатын. Апақай көршіміз, Естай Нұрбаев, Ахметов Сабыр, Достай Нұрбаев, Мұсаалдин Есілм, Қали Аманбаев жезделеріміз, Қосман Түбікөв, Дайкен Құрақпаев, Омар Смағұл, Бекен Ілиясов, Есімбек Табетов нағашымыз, Қазар Мұсаалдин, Жамбыл Құрақпаев, Сағит Молдыбаев тығыз аралас-құралас еді. Әкеміз өмірден озғанда бір үлкен шақаф кітапқа толып тұрды, балаларым оқысын, білімді болсын деп жинаған екен. Әйткен Жүсіпұлы ауыл жастарының тағдырына көп алаңдайтын. Отан куә шәкірттері күні бүгінге дейін жақсы естеліктер айтып отырады. Осы орайда:

– Мен Покровка жетіжылдық мектебін 1958 жылғы түлегім. Сыныбымызда он шақты оқушы болды, соның үшеуі қыз бала болды. Ол кезде мектеп ғимараты өте шағын еді, онда алты-жеті сынып бөлмелері болатын. Сынып бөлмелері арқанын тап-тұйнақтай, тап-таза, жап-жарық болатын. Мектебімізде 10-12 ұстаз еңбек етті, олардың көбі ер адамдар болатын, үшеуі ғана әйел адамдар еді. Қазір ойлап қарасам, сол ұстаздарымыз ешбір жоғары технологиясыз, ерекше көрнекіліксіз-ақ сөздің құдыретімен жақсы білім берген екен. Менің есімде ерекше із қалдырған ұстаздарым: тарих пәнінен сабақ берген Әйткен мұғалім, математикадан Сабыр мұғалім, қазақ тілінен Орынбасар мұғалім. Ұстаздардың басын қосып, мектептегі барлық оқу үрдісін ұйымдастырушы әрі басқарушы Әйткен мұғалім білгір басына ғана емес, өз пәнін жете меңгерген керемет ұстаз еді. Тарих пәнінен сабақ түсіндіргенде дауысын ерекше шығарып жан-тәнімен мынына құйып беретін. Оқушыларға да қоятын талаптары жоғары болатын. Біз ол кісінің қиын қимінін, сөйлеген сөзінен, жүріс-тұрысынан үлгі алатынмыз. Сырт көзге қаталдау көрінгенмен, жүрегі жұмсақ, адамгершілігі мол нағыз ұстаз еді. Мен де кейін ұстаздық жолды таңдадым. Тағдырдың жазуымен елге оралып, сол кездегі Целиноград ауданына қарасты Киров орта мектебінде жиырма жылдан артық уақыт ұстаздық қызмет атқардым, кейін Еуразия университетінде қазақ тілі кафедрасында істедім. Әйткен мұғалімді ұстаз ретінде ғана емес, үлкен отбасының иесі, ардагері, ақ жанышары туыс, Ақ мешіт ауылының құрметті азаматы ретінде де сипаттағым келеді, – дейді шәкірті Зипаш Ағымаңқызы.

Қолымызда бір кітапқа татитын көп дерек бар. Олардың барлығы Әйткен Жүсіпұлының өңегелі істерін баяндайтын естеліктер. Бірі адами келбетін үлгі етсе, енді бірі оның ұстаздық ұлағаты туралы баяндайды. Шәкірті Жаксылық Рақымұлы да: – Әйткен ағамызды ес білген бала кезімнен білемін. Ол кісі орта бойлы, шымыр денелі кісі болатын. Жер, география пәндерінен сабақ беретін. Ең алғаш бүкіл әлемді, жер шарын, мемлекеттерді, тауларды, жер бетіндегі мұхиттарды, теңіздерді, өзендерді, көлдерді, бұғаздарды сол кісіден танып білдім. Ол кісі сабақ бергенде санқылдан дауысы қоридорға дейін естіліп тұратын. Тарих пен географияны 4-5-ке оқыдым. Бұл дүниетану пәндері маған өте ұнайтын. Әйткен ағамыз жүздеген бала оқытып шығарды. Бірімізге өмір жолына жолдама берді. 1972 жылы наурыз айында кенеттен қайтыс болғанда біз, шәкірттері де қатты қайғырдық. Алла иман бағылың берсін. Артында қалған бала-шағасына Алланың жақсылығы болмай, – деп еске алды.

Иә, ол кісі туралы мұндай жарқын естеліктерімен бөлісетін жандар айта берсе көп-ақ. Шынымен де, Әйткен ағамыздың өмірі – ұлағат, ісі – үлгі-өнеге. Халқымызда «Адам өлген күні өлмейді, ұмытылған күні өледі» деген қағида бар. Олай болса, Әйткен Жүсіпұлы арамдыз да жоқ болғанымен, көз көргендер тірі тұрғанда, каліп-қасиеті көз алдымызда елестеп, рухы да өшпейтіні, бізбен бірге өмір сүретіні сөзсіз. Аты аңызға айналған азамат туралы жазылар да, айтылар да сөз әлі алда болмақ...

**Ұлмекен ТЫНЫШТЫҚҚЫЗЫ,**  
**«Арқа ажарының» өз тілшісі.**

Целиноград ауданы.



### Көңілдерді толқытқан «Қарагөз»



Осы орайда, сондай бір баянсыз ғұмыр суреттелген трагедиялық пьеса «Қарагөз» жайлы сөз қозғамақпын. Жүз жыл бұрын жазылған Мұхтар Әуезовтің бұл шығармасын қоймаған театр кемде-кем. Талай актердің бағын ашып, талантын шырдаған туындының құндылығы күннен-күнге артпаса, кеміген жоқ. Өткен заманның оқиғасына суреттелсе де, бүгін біз сүрген қоғамның шындығын да ұлы жазушы білгендей, сөз астарында жасырғанын сезе алдық па? Ол шындық, бостандықтан айрылып, құлдық қамтығын киіп, еркіндіктен айрылған қазақ тағдырын Қарагөз бейнесі арқылы көрсетуі еді. Атасқанына көңіл толмай, жүрек қалауына көп соған қыз арманы еркіндікке суаған қазақ күйі емес пе? Кері заманның көрінісін ұшыраған бір ұлттың қилы кезеңін пьесаның толық сюжетінен аңара аламыз. Тарихтан білерсіздер, 1926 жылы алғаш Семейде сахналанған «Қарагөз» пьесасы көп ұзамай репертуардан алынып, солақай саясаттың сынына ұшырайды. Кейін қызыл қырғанның салқыны басылған соң ғана сахнаға қайта оралып, көрерменнен қаушылады.

Жуырда дәл осы трагедияға толы қойылым Көкше өңірінде ойналды. Алатау баурайынан гастрольдік сапармен келген Габит Мүсірепов атындағы балалар және жасөспірімдер театры пьесаны көрерменге жеткізе білді. Оны қойылым соңындағы жиналғандардың қошеметі мен ыстық ықыластарынан аңғару қиын болмады. Ендеше, сахналау ерекшеліктеріне тоқталып өтейін. Әуелі, шымылдық ашылғанда сахнадан Қарагөз бен Нарша көрінеді. Қызға ынтық жас жігіт сезімін білдіргісі келгенімен, Қарагөз жігітті бетімен жасқап, көңілі өзгені қалайтынын сездіргендей теріс айналады. Қыз көңілін тапқан сері, тентек ақын Сырым. Алайда, Қарагөз бен Сырымның махаббатына тосқауыл болатын өзгермес қатал зан бар. Ол, екеуінің де Қарауылдың үл мен қызы болуы еді. Сондықтан, тектілік ғұрпы бойынша жеті атадан аспаған ағайындық бір-бірімен қосылуына кедергі келтіреді. Оның үстіне Қарагөз кішкентайынан малмен байланып, батамен маталанған. Басқа рудың белгілі байының ұлына атастырылған. Бұл да сол заманның талай қарагөзін сормандай еткен, қазақы болмыс еді.

Қарагөздің ауылына құдалар келіп, келіндерін алып кетпекші. Бірақ, Қарагөздің бар аңсары – Сырымда. Ғашық дерті үлтеп, махаббат жолында ашық айқаса шығып, ата салтынан аттап отуға аруды ешнәрсе тоқтатпақ емес. Ал, Сырым рөліндегі театр актері Әліхан Қорбаев сахнада алған бетінен қайтпайтын қайсар, батыл жігіт болып қонынан суысып, шығып бара жатқан Қарагөзге деген сезімін, қасіретін қолымен тойлайды. Әсіресе, той жоралғысы жар-жар арқылы басы байлауы, еріксіз кетіп бара жатқан қыз созып айтып жатқандай. Қарагөз бейнесін нақышына келтірген Мадина Әсербаева барыныша бизы, ерке, жаны мен тәні де сұлу, дәрменсіз

Қаймана қазақтың орда тігіп, іргелі ел болғаннан бергі ғасырларында баянсыз махаббат трагедиясын толғайтын ғашықтықтың ғазал жырлары қаншама?! Бірін өкіне, бірін күйініп оқысаң, келесілеріне сүйінесің. Аттарын тізбектеп, сөз көбейтпейін. Оқыған жандар мәнін өзі түсінер.

махаббат күрескерін көрсете білді. Мөржандай алуынды әжеңің айбарын, ақылы мен парасатын, құрығынан ешкімнің босап кете алмайтынын келіні Ақбала екеуі арқылы сахнада режиссер сәтті ашып көрсете білген. Қойылым режиссері Фархат Молдағалидың өзгеріс енгізген ерекшелігінен болар, актерлердің киім үлгісі қатты ескілікке салынбай, заманауилыққа да ауып кетпей, аралық тепе-теңдікті сақтаған. Мысалға, Сырым үстіне ақ футболка мен сәнді былғары күрте киіп, Қарагөз жағасы кең көйлек ілген. Одан да қызықтысы, карт әже Мөржанның қып-қызыл камзолы (әдетте қыз болмаса, жасы келген қарттар қызыл түске әуес болмайды). Бұл өзгерістен түйетініміз, пьеса сонау ғасырды еске түсірсе де, ондағы кейіпкерлердің мінез-құлқына, жақсы-жаман қасиеттері, адамдар арасындағы қарым-қатынас, жалпы адами құндылықтар бүгінгі қоғамға да керек болатыны.

Спектакльдің тағы бір жүгіні он мен музыка көтерген. Сырым салған, Қарагөздің ұзатылу тойында шырқалған ән, тартылған күй де есепсіз таңдалмаған. Болып жатқан жағдайды хабарлар еткендей, үйілеулі. Көбіне шырқалатын ноғайдың «Енді алмаған не қалды?» толғауы. Сөзі де жүйекше тиетін, көз алдында талан-таражат түсіп, билігі өзгені қолына қараған халық тағдырын баяндап тұрғандай. Қойылым соңында, жана отау тіксе де, Нарша Қарагөздің жүрегің жаулай алмаған, сағы сынған күйде суреттелді. Сүйгеніне қосыла алмаған сұлудың арманы Сырым болып қала береді. Соған қарамастан, Нұржан Асылханның сомдаған Нарша образы кішіпейіл кендікке, сабыр мен ұстамдылыққа құрылған, ерекше тәзім мен адалдық әспеттелген. Осы мезет, жүрегі өзгені қаласа да сүйгенін тастамау, өз сертіне адал болып, күдер үзеуі Нарша рөлінің бізге берер тағлымды десем қанықпалсым. Ол күні-түні Сырымды ғана ойлап, есі ауысқан Қарагөзді бәрібір еркіне жібермеді. Баурына басып, мейірімге бөлген күйі өз міндетін өтеді. Ата-дәстүр жолын кесіп өте алмай, сүйгеніне жеті алмай, сергеленген күйін кешкен Сырым қара түнкетке қала берді...

Қорытып айтар болсақ, ғасыр күзсі болған пьесаны өткен заманның ертегісіндей көрмей, бүгінгі өмірімізбен ұштастырсақ екен. Ғашықтық дертінен қайғы шеккен Қарагөзді аясак тм, Мөржан көрсеткен тектілік мөріні ұмытпауымыз керек. Бұл күнде, жеті ата түгілі руын білмейтін аға көбейіп, бала өсуде. Олардың күйінен ұрпақ азып, ұлт тозатынын бабаларымыз дәлелдеп кеткен жоқ па? Ендеше, бүгінгі жасқа «Қарагөз» пьесасының бір мәні де соны көрсетпек. Сырым мен Наршаның іс-әрекетін дұрыс бағамдасақ, қазақтың қарақөздерін жалатпаудың сара жолын табар едік.

**Мұхамет ТІЛЕУБАЙ,**  
**«Арқа ажарының» өз тілшісі.**

### СӘКЕН СЕРІ ЖҮНІСОВ – 90 «Сәлем» театр фестивалі

Биыл Көкше жерінде осымен екінші рет өткізілетін фестиваль Қазақстанның Халық жазушысы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Сәкен сері Жүнісовтің туғанына 90 жыл толуына арналып отыр.

Шахмет Құсайынов атындағы Ақмола облыстық қазақ музыкалық-драма театры ұйымдастыратын бұл халықаралық комедиялық фестиваліне қазақстандық театрлармен бірге, Түркия, Әзірбайжан мемлекеттерінің өнер ұжымдары қатысып, өзара тәжірибе алмаспақшы.

– Ш.Құсайынов атындағы қазақ музыкалық-драма театрында 1 мамыр, сағат 17.00-де шараның салтанатты ашылуы болады. Өнер бәйгесіне 8 театр қатысуға ниет білдірді. Арнайы шақырылған театр мамандары «Үздік комедиялық қойылым», «Үздік актерлік ансамбль», «Үздік режиссура», «Үздік сценарфия», «Үздік ер адам бейнесі», «Үздік әйел адам бейнесі», «Үздік эпизодтық рөл», «Үздік дебют» секілді аталымдар бойынша бақ сынап, үздіктерді анықтайды. Ал, біздің театр ұйымдастырушылар ретінде фестивалден тыс өнер көрсететін болады, – дейді аталмыш театрдың әдеби қызметкері Манарбек Қыдырбай.

Биылғы дәстүр бойынша фестиваль аясында тақырыптық кездесулер мен шеберлік сыныптары ұйымдастырылмақшы. Іс-шараға, фестивальдің құрметті қонақтары, арнайы театр мамандары және барша БАҚ өкілдері шақырылып отыр.

**«Арқа ажарының» өз ақпараты.**

Қазақстанның халық жазушысы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, жазушы-драматург Сәкен сері Жүнісовтің 90 жылдық мерейтойына арналған

## «СӘЛЕМ» ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КОМЕДИЯЛЫҚ ФЕСТИВАЛІ

1-4 МАМЫР

Бекзанда өнерді құрмет тұтқан көзі қаракты көрермен бұл жолы да әртістердің талантына, өнеріне тамсанып, сахна киесін сезіне түседі деген ойдамыз.

**«Арқа ажарының» өз ақпараты.**

**МЕНШІК ИЕСІ ЖӘНЕ ШЫҒАРУШЫ: «АҚМОЛА – ТІРШІЛІК» ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІ.**

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінде 2022 жылғы 30 желтоқсанда қайта тіркеліп, №КЗ15ВРУ00062324 куәлігі берілген.

Мекен-жайымыз: 020000. Көкшетау қаласы, Қаныш Сәтбаев көшесі, 7 үй. Байланыс желісі: (8 716 2) 25-15-60 тел/факс. Жарнама бөлімі: (8 716 2) 25-15-10. Электронды пошта: arka\_kokshetau@mail.ru arka\_jamama@mail.ru

- «Арқа ажарында» жарияланған мақаладағы автордың көзқарасы редакцияның пікірін білдірмейді.
- «Арқа ажарында» жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.
- Газет редакцияның компьютерлік цехында қатталды.
- Сейсенбі, сенбі күндері шығады. Бейсенбі күні электрондық нұсқада шығарылады. Еркін бағамен сатылады, көлемі 2 баспа табақ. Индексі: 65449 Тапсырыс 519.
- Таралымы: 1935.
- «Арқа ажары» газетінің Интернет нұсқасының оқырмандар саны 50 000.

«Көкше-Полиграфия» АҚ офсеттік тәсілмен басылған. 020000. Көкшетау қаласы, Е.Әуелбеков көшесі, 98 үй.

Кезекші редактор: **Ырысалды АХМЕТҚАЛИЕВА.**